

**ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БАҒЫТЫ
НАПРАВЛЕНИЕ ГУМАНИТАРНЫХ НАУК
DIRECTION OF THE HUMANITARIAN SCIENCES**

тақырыптық рубрикалар / тематические рубрики / subject headings

**ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА
HISTORY OF KAZAKHSTAN**

FTAXP: 03.20

<https://orcid.org/0009-0000-3088-6656>

<https://orcid.org/0000-0003-3834-5883>

Режепова А.А., Алдабергенова М.К.*

7М01601 - Тарих педагогін даярлау БББ, 2-курс магистранты.

Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ. Шымкент, Қазақстан

доктор PhD, доцент м.а. Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ. Шымкент, Қазақстан

**ТАРИХ САБАҒЫНДА АШАРШЫЛЫҚ ЖЫЛДАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ
ТАҚЫРЫПТАРДЫ ОҚЫТУДА КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТІ ҚОЛДАНУ**

*Автор-корреспондент: mol-nur_an@mail.ru

Аннотация: Мақалада көркем әдебиетте сипатталған тарих сабақтарында аштыққа байланысты тақырыптарды оқыту және тарих пәнін оқыту әдістерінде қолдану мәселелері зерттелген. Қазақстан тарихындағы ең қайғылы кезеңдердің бірі, 1931-1933 жылдардағы ашаршылық тоталитарлық режимнің әлеуметтік-экономикалық жүйесінің, қазақ халқы мен Қазақстанның қоныстанған этностарының демографиялық, әлеуметтік және рухани дамуына нұқсан келтірген ұжымдастыру саясатының нәтижесі болды. Автор аштық кезеңін қарастыру кезінде көркем әдебиетті қолданудың тиімді әдістерін, мұғалімдер мен оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін, сондай-ақ педагогика ғылымындағы көркем әдебиетті қолданудың ғылыми-практикалық маңыздылығын зерттеп, ұсынды. Мақала жазу барысында қазақ әдебиетіндегі ашаршылық тақырыбына арналған тарихи шығармаларға, тарихи естеліктер мен деректі мәтіндерге талдау жүргізіліп, олардың білім беру үдерісіндегі әлеуеті айқындалды. Тарихи оқиғаларды неғұрлым жарқын ашатын және білім алушыларға тарихи сананы сіңіретін көркем әдебиет тарихын оқытуда үйлестірілген пайдаланудың маңыздылығы егжей-тегжейлі талқыланады.

Кілт сөздер: көркем әдебиет, ашаршылық, тарихи шығарма, тарихи дерек, тиімді әдістер, проблемалық оқыту

МРНТИ: 03.20

<https://orcid.org/0009-0000-3088-6656>

<https://orcid.org/0000-0003-3834-5883>

Режепова А.А., Алдабергенова М.К.*

магистрант 2 курса ОП 7М01601 - Подготовка педагогов истории,

ЮКПУ им. Ө.Жәнібеков. Шымкент, Казахстан

доктор PhD, и.о.доцента ЮКПУ, им. Ө.Жәнібеков. Шымкент, Казахстан

**ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ
В ПРЕПОДАВАНИИ ТЕМ, СВЯЗАННЫХ С ПЕРИОДОМ ГОЛОДА
НА УРОКАХ ИСТОРИИ**

*Автор-корреспондент: mol-nur_an@mail.ru

Аннотация: В статье исследованы вопросы преподавания тем, связанных с голодом, на уроках истории описанной в художественной литературе и применения в методов обучения предмета истории. Один из самых трагических периодов в истории Казахстана, голод 1931-1933 годов, стал результатом социально-экономической системы тоталитарного режима, политики коллективизации, нанесшей ущерб демографическому, социальному и духовному развитию казахского народа и населяющих этносов Казахстана. Автором изучены и предложены эффективные методы использования художественной литературы при рассмотрении периода голода, творческие возможности учителей и учащихся, а также научно-практическая значимость в педагогической науке использование художественной литературы. В процессе написания статьи был проведен анализ исторических произведений, исторических мемуаров и документальных текстов, посвященных теме голода в казахской литературе, и определен их потенциал в образовательном процессе. Подробно обсуждается важность скоординированного использования в преподавании истории художественной литературы, которая более ярко раскрывает исторические события и прививает в обучающихся историческое сознание

Ключевые слова: художественная литература, голод, исторические исследования, исторические данные, эффективные методы, проблемно-ориентированное обучение

IRSTI: 03.20

<https://orcid.org/0009-0000-3088-6656>

<https://orcid.org/0000-0003-3834-5883>

Rezhepova A.A., Aldabergenova M.K. *

7M01601-Training of teachers of history educational program 2nd year master's student.

O.Zhanibekov SKPU. Shymkent, Kazakhstan

doctor PhD, acting associate professor. O.Zhanibekov SKPU. Shymkent, Kazakhstan

METHODS OF WORKING WITH LITERARY CREATIVITY IN HISTORY LESSONS

*Corresponding-author: mol-nur_an@mail.ru

Abstract: The article examines the issues of teaching topics related to hunger in the lessons of history described in fiction and the application of history teaching methods. One of the most tragic periods in the history of Kazakhstan, the famine of 1931-1933, was the result of the totalitarian regime's socio-economic system and collectivization policy, which damaged the demographic, social and spiritual development of the Kazakh people and the population of the Kazakh ethnic groups. The author has studied and proposed effective methods of using fiction when considering the famine period, the creative possibilities of teachers and students, as well as the scientific and practical significance of the use of fiction in pedagogical science. In the process of writing the article, an analysis of historical works, historical memoirs and documentary texts devoted to the topic of famine in Kazakh literature was carried out, and their potential in the educational process was determined. The importance of the coordinated use of fiction in teaching history, which reveals historical events more vividly and instills historical consciousness in students, is discussed in detail.

Keywords: fiction, famine, historical work, historical data, effective methods, problem-based learning

Кіріспе

Көркем шығарма тарихи оқиғаны тек адам тағдыры арқылы ғана емес, бүкіл ұлттың тағдырын қатар сипатайды. Ашаршылық жайлы жазылған әдебиеттерде қазақ ұлтының әлеуметтік-демографиялық апатын, қазақ халқының дәстүрлі өмір салтының күйреуін, тоталитарлық жүйенің қазақ даласына төндірген қасіретін тереңірек ұғынуға мүмкіндік береді. Халықтың күнделікті тұрмысы, рухани күйзелісі, аналар мен балалардың трагедиясы, адамдық қасиеттердің сынға түскен сәттерінен үзінділер келтіреді. Бұл білім алушыларға тарихи шындықты терең сезіну мен түсінуге жол ашады. Ашаршылық тақырыбын мектепте оқыту тек тарихи білім берумен шектеліп қалмай, білім алушыларды адамгершілікке, ұлтымыздың тарихына құрметпен қарауға бағыттайды. Тарих сабағында аталмыш тақырыпты оқыту барысында тек тарихи фактілер мен статистикалық деректерді беру жеткіліксіз. Білім алушылар тарихи оқиғаны жан-жақты түсінуі үшін олардың эмоциялық қабылдауын, ұлт тағдырына деген жанашырлығын дамытуымыз қажет. Ал, көркем әдебиетті тарих сабағында пайдалану - оқытудың тиімді құралдарының бірі. Осы тұрғыдан алғанда көркем әдебиетті пайдалану ашаршылық тақырыбының тәрбиелік мәнін арттыратын маңызды құрал болып саналады. Сондықтан да, ең алдымен ашаршылыққа байланысты тақырыптарды оқытуда көркем әдебиетті қолданудың мақсаты мен тәрбиелік міндеттерін жеке-жеке қарастырған жөн. Мақаланың басты мақсаты - тарих сабағында ашаршылыққа байланысты тақырыптарды оқыту барысында көркем әдебиетті қолданудың тиімді әдіс-тәсілдерін ұсыну. Ал, аталған мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттерді айқындаймыз:

1. Аталмыш тақырыпқа байланысты көркем әдебиетті оқыту арқылы білім алушылардың бойында эмпатия мен жанашырлық сезімін ояту. Яғни, шығарма кейіпкерлерінің аштықтан, жоқшылықтан көрген азаптарын оқу арқылы білім алушылар өзгенің қайғы-қасіретін түсінуге, ең құнды дүние адам өмірі екенін сезінуге бағыттайды. Бұл қасиеттер әсіресе жас ұрпақтың тұлғалық қалыптасуында ерекше орын алады.

2. Көркем әдебиетті қолдану білім алушыларда гуманистік яғни, адамдық құндылықтарға негіздей отырып, өз іс-әрекетін бағыттауға үйрету. Ашаршылық жылдарындағы халықтың әрқашан бір-біріне көмекке дайын болуы, сыртқы әсерлерге рухани мықтылығы мен төзімділігі, ана мен баланың жанқиярлығы білім алушылар бойында мейірімділік, жауапкершілік, адамгершілік секілді қасиеттердің қалыптасуына негіз болады.

3. Көркем шығарма ашаршылық тақырыбын оқытуда білім алушыларда ұлттық жады мен тарихи сананы қалыптастыруға ықпал ету. Көркем әдебиет арқылы білім алушылар халқымыздың өткен тарихының қасіретті беттерін ұмытпауға, бүгінгі тәуелсіздігіміздің құны мен бағасын түсінуге, қазақ ұлтының тағдырына құрметпен қарауға тәрбиеленеді. Бұл - отансүйгіштік тәрбиенің ең маңызды діңгегі болып саналады.

4. Көркем мәтіндер білім алушыларды тарихи әділеттілікке көз жеткізуге, сыни ойлауын дамытуға бағыттау. Олар тарихи оқиғалардың себептерін, салдарын тереңірек ұғып, өткеннен міндетті түрде сабақ алудың қажеттігін сезінеді. Бұл арқылы көркем әдебиет оқырмандардың азаматтық ұстанымдарының қалыптасуына ықпал етеді.

Көркем әдебиеттер арқылы білім алушылар тарихи деректерді салыстырады, толықтырады және тарихи әділеттілікке көз жеткізеді, сыни ойлауын дамытады. Мәселен, Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» романында қазақ ауылының ашаршылық жылдарындағы өмірі мен тұрғындарының бастан кешкен азапты күндері шынайы суреттелген, тоталитарлық жүйенің қазақ даласына төндірген қасіретін тарихи-психологиялық жақтан бейнелейді. Ал, М.Әбдәкімұлының «Зобалаң» атты деректі-көркем шығармасында қазақ даласында орын алған 1921-1922 және 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың тарихын нақты архив деректеріне сүйеніп баяндалады.

Материалдармен әдістері

Теориялық талдау

Бұл мақалада нәтижеге тиімді қол жеткізу үшін ғылыми талдау әдісі, контент талдау әдісі, тарихи-жүйелілік әдісі сынды біршама әдістер кеңінен қолданылды. Атап айтқанда, ғылыми талдау әдісі арқылы ашаршылық жылдарына қатысты тарихи деректер мен көркем әдеби шығармалар мазмұны терең зерделеніп, олардың танымдық, тәрбиелік маңызы айқындалды. Ғылыми талдау әдісі әдеби туындылардың тарихи шындықты бейнелеу деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Ал, контент талдау әдісі негізінде біз ашаршылыққа байланысты тақырыптарды қамтитын көркем шығармалардағы негізгі идеяларды, кейіпкерлер бейнесін, авторлық көзқарастарды жүйелі түрде саралап, оқу үдерісінде қолдануға тиімді тұстарын анықтадық. Нәтижесінде білім алушылардың тақырыпты терең түсіну деңгейі артады. Тарихи-жүйелілік әдісі арқылы ашаршылық жылдарының себеп-салдары, кезеңдік ерекшеліктері және оның қазақ қоғамына әсері жүйелі түрде қарастырылып, көркем әдебиетпен байланыста түсіндірудің тиімділігі дәлелденеді.

Мақаланың ғылыми теориялық негізін айқындауда М.Әбдәкімұлының «Зобалаң» атты еңбегі пайдаланылды. Бұл шығармада суреттелетін ашаршылық оқиғаларының едәуір бөлігі бүгінгі Қазығұрт ауданы мен Оңтүстік Қазақстан аймағына қатысты баяндалады. Автор Қазығұрт ауданының тумасы болғандықтан, көркем шығарманы жергілікті архивтік мәліметтерге, ел ішіндегі естеліктерге, аштықты бастан кешкен көнекөз қариялардың әңгімелеріне, тарихи деректерге сүйеніп жазған.

Жазушы әсіресе оңтүстік өңірдегі халықтың аштықтан босып кетуін, Өзбекстанға ауа көшуін, теміржол құрылыстарындағы ауыр еңбекті, адам шығыны мен рухани күйзелісі, ауылдардың қаңырап бос қалуы сияқты мәселелерді нақты деректермен байланыстыра суреттейді. Сонымен қатар, шығармада ҚазАКСР мен Өзбек КСР арасындағы шекаралық аймақтардағы жағдайлар, Шымкент-Ташкент теміржолының салынуы және оның ашаршылық кезеңімен байланысы да баяндалады.

Кеңестік кезеңдегі қазақ тарихы жайлы айтқанда қазақтың ашаршылық салдарынан адам шығыны орын алғандығы еріксіз еске түседі. Бұл апат халқымыздың басына төнген ең ұлы нәубет болды. Қазақ тарихындағы ашаршылық - ұлттың жадында терең із қалдырған аса күрделі, қасіретті кезең. Бұл аштық Кеңес үкіметінің саясатымен тікелей байланысты болып, Қазақстан халқының үлкен бөлігінің шығынға ұшырауына және басқа аймақтарға көшіп кетуіне әкеп соқты. Тарихты оқытудың методологиялық және тұжырымдамалық әдіс-тәсілдеріне, біз қолданған деректердің ерекшеліктеріне, аталмыш тақырыптың шеңбері мен тереңдігіне байланысты және осыған дейінгі жарыққа шыққан зерттеу еңбектердің кешені негізінде қарастырылып отырған тақырыптың тарихнамасын үш топқа бөліп көрсетуге болады:

- 1) Кеңестік кезеңдегі зерттеулер;
- 2) Отандық - 1991 жылдан бастап жарияланған Отандық зерттеушілердің еңбектері;
- 3) Шетелдік зерттеулер.

Кеңестік кезеңдегі зерттеулердің бірегейі орыс зерттеушісі Валерий Михайловтың «Ұлы жұттың жазбалары» атты еңбегі. Онда аталмыш кезең «Ұлы жұт немесе Голощекиннің «Кіші Қазан» саясатының нәтижесі» [1,56] деп те аталады. Ашаршылыққа байланысты еңбектер мен зерттеу жұмыстары кеңестік кезеңде жеке тақырып ретінде толық зерттелмеді. Яғни, бұл кезеңдегі тарихнама идеологиялық сипатта болды. Тақырып жайлы Қайта құру кезеңінде алғаш рет ашық айтыла бастады. Кеңестік кезеңде Қайта құру саясаты 1985 жылы КСРО Коммунистік партиясының Бас хатшысы қызметіне Михаил Горбачёв келгеннен кейін басталды. Аталмыш кезеңде «жариялылық» саясаты енгізіліп, бұрын жабық болған кейбір тарихи тақырыптарды зерттеуге мүмкіндіктер туды. Нәтижесінде 1980 жылдардың соңы мен 1990 жылдардың басында елімізде болған ашаршылық мәселесіне арналған алғашқы объективті мақалалар, архив деректері және ғылыми зерттеулер жарық көре бастады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, Мәмбет Қойгелдиев, Талас Омарбеков, Манаш Қозыбаев сияқты ғалымдар өз зерттеулерінде аталмыш тақырыпты қайта зерделеуді ұсынды. Мәселен, ұжымдастыру, ашаршылық және қуғын-сүргін мәселелерінің ірі зерттеушісі, белгілі ғалым Манаш Қозыбаевтың Кеңестік кезеңде жабық болған ашаршылық, қуғын-сүргін мәселелерін алғаш ашық талдаған еңбектердің бірі - «Ақтаңдақтар ақиқаты» [2, 56-98] еңбегінің тарихи мәні орасан зор. Ал, зерттеуші, ғалым Талас Омарбеков пен академик Мәмбет Қойгелдиев «Тарих тағылымы не дейді?» [3, 19] атты еңбекте Голощекиннің соқыр саясаты жайлы былай деп жазады: «Сол жылдардағы Голощекин қол қойған құжаттармен Қазақ өлкелік партия комитетінің шешімдерімен танысқан адам мынандай қорытындыға келері хақ: адам өлігі сасыған қазақ даласында адам тағдырынан мал тағдыры жоғары қойылды. Көріп отырғанымыздай өзінің жан-жаққа жіберген хаттарында, сөйлеген сөздерінде Голощекин адамдардың аштан өлуі туралы жұмған аузын ашпай, мал даулаумен болды. Адам өмірінен мал өмірін жоғары қойған, сөйтіп өзі де адамдық келбетін жоғалтып, құныққан мал алғыштан нағыз жан алғышқа айналып кеткен оның бұл жолдағы ең үлкен қол жеткізген биігі - 1932 жылы 17 қыркүйекте БК (б) П Орталық Комитетінің «Қазақстанның ауыл шаруашылығы, сонымен қатар мал шаруашылығы туралы» қаулысын қабылдауы еді» [3, 116].

Архивтердің ашылуына байланысты шетелдік зерттеушілердің де қызығушылығы артты. Мысалы, Пианчола Никколоның 2018 жылы жарық көрген «Сталинская “иерархия потребления” и великий голод 1931-1933 гг.» [4] атты еңбегі, Сара Камеронның «Голодная степь. Голод, насилие и создание Советского Казахстана» [5, 98-112], Роберт Киндлердің «Сталиндік көшпенділер» сынды бірнеше еңбектерді атап айтсақ болады. Мәселен, неміс ғалымы Роберт Киндлердің «Сталиндік көшпенділер» атты ғылыми монографиясы өткен ғасырдың жиырмамыншы-отызыншы жылдарындағы Қазақстандағы ашаршылықтың себеп-салдарын зерттеуге арналған. Бұл еңбекті автор Ресейдің, Қазақстанның, Еуропаның архивтерін саралау мен осы тақырыптағы ғылыми еңбектер мен әдеби-көркем шығармаларды зерттеу арқылы жазды. Зерттеуші, ғалым Р.Киндлер Петропавл округіндегі тексеру комиссиясының актісіндегі деректерді аталмыш еңбегінде былай сипаттайды: «Ашыққандар тамақ орнына даланың әртүрлі шөп-шаламын жей бастайды. Олар ит, мысық, құс, тышқанды да, деревня мен ауылда қолына не іліксе, соның бәрін талғажау еткен. Топ-топ болып өлген сиырлар мен жылқылар тасталатын шұңқырлардан өлексе іздейді. Бұрын арам өлген жануарлар көмілген жерлерден қалдықтарын қазып алып жейді. Алайда мұндай сасық қоймалжың да таусылады. Енді туған жерді тастап қашқаннан басқа амал жоқ» [6, 262-263].

Қазақстан тарихын зерттеуде тарихи деректермен жұмыс жасау маңызды орын алады. Деректерді дұрыс талдау арқылы өткен оқиғаларды объективті түрде түсінуге, тарихи құбылыстарды сараптауға мүмкіндік туады. Бұл мақаламызда тарихи дерекпен жұмыс істеудің тарихты оқытудағы маңыздылығы қарастырылады. Тарихи деректермен жұмыс істеу әдісі – ашаршылықты ғылыми зерттеудің маңызды құралы болып табылады. Бұл әдіс білім алушыларды нақты құжаттармен, статистикалық мәліметтермен, мұрағат материалдарымен, сол кезеңнің ресми қаулыларымен таныстыруды қамтиды. Мысалы, ұжымдастыру жарлықтарын, санақ мәліметтерін және куәгерлердің сөздерін талдау арқылы олар оқиғаның себеп-салдарын анықтай алады. Тарихи деректермен жұмыс істеу әдісін біз дерек пен көркем мәтінді салыстыру яғни тарихи құжат пен әдеби үзіндіні салыстыра талдау мақсатында қолдандық.

Мәселен, жазушы М.Әбдәкімұлы өзінің «Зобалаң» шығармасында Голощекиннің қазақ халқын ашаршылыққа душар ету жолында қандай бағыттарды қолданғанын жүйелеп жазады: «Жалпы, Голощекин қазақ халқын қырғынға ұшырату үшін 1926 жылдан бастап бес бағытпен дайындалған.

Бірінші бағыты - ел қамын ойлайтын ақылды да халықшыл қайраткерлерді билік басынан кетіріп, олардың орнына сауаты төмендеу, өзінің айтқанынан шықпайтын

қазақтарды іріктеп алуға арналды.

Екінші бағыты - ОГПУ мен НКВД-ның жергілікті жерлердегі өктемдігін күшейту және бай-кулак десе жаны шошынып, жыны қозатын, оларға деген ашу-ызасы туылғанынан бойларына сіңген кедей таптың арасынан іріктелген кісілерді түрлі дәрежедегі уәкілдер мен ауыл белсенділері етіп тағайындауға арналды.

Үшінші бағыты - кеңестік жүйеге орай типтендірілген «бай шаруашылықтарын» жоюға бағышталды. Голощекин ел ішіндегі билер мен «бай шаруашылықтары» иелерін «Бұрынғы заманды аңсайтын феодалдар, жұрттың еңбегін қанайтын үстем тап өкілдері, сондықтан да оларды мал-мүліктерінің бірін де қалдырмай тәркілеп, өздерін соттап, болмаса қиыр шеттерге жер аударып жіберу керек!» деп ұрандатты. Ұранға алғаш ергендер және оған жанын сала кіріскендер әлгі ОГПУ, НКВД қызметкерлері мен ауылдардың шолақ белсенділері болды.

Төртінші бағыты - ауыл-ауылдарды жедел түрде отырықшылық пен колхоздасуға үндеген бастамасына сәйкестендірілді. Тіршілігінің шырқы бұзылған халық 1929-31 жылдары тиісті көлемдегі егістік жерлерге егін еге алмай қалды. Колхоздар құрылғанымен, оның базаларында шаруашылық жұмыстарын жүргізетін құрал-саймандар болмады. Колхоздың бар байлығы - малмен шектелді.

Бесінші бағыт - елді тікелей ашаршылыққа әкеп тіреген ең нәтижелі жомпары болды. 1930 жылы колхоздар мен түрлі шаруашылықтар мемлекетке ет пен астық өткізуден одақ бойынша бірінші орынға көтерілуі керек деген желіке ұранның арқасында Қазақстандағы 14 ет комбинатынан 5 мың 14 тонна ет, 970 мың пұт астық Ресейдің өнеркәсіптік қалаларына жіберілді. 1931 жылы 9 мың 6 тонна ет, 950 пұт астық жөнелтілді» [7,377].

М.Әбдәкімұлы жоғарыда атап көрсеткен Голощекиннің бес бағыттағы саясатының негізінде қазақ қоғамының дәстүрлі шаруашылығын жүргізу процесі бұзылып, ашаршылыққа алып келген экономикалық және әлеуметтік дағдарысқа тап болды. Нәтижесінде, 1931-1933 жылдары Қазақстанда жаппай ашаршылық болып, халықтың үлкен бөлігі қырылды және басқа елдерге көшіп кетуге мәжбүр болды.

Нәтижелер мен талдаулар

Жоғарыда келтірілген көркем шығармалардағы тарихи деректерді тарихты оқытуда қолданудың тиімді әдістерінің бірі - салыстырмалы талдау әдісі. Бұл әдіс тарих сабағында ашаршылыққа байланысты тақырыптарды оқытуда тарихи оқиғаларды жан-жақты қарастыруға мүмкіндік беретін тиімді әдіс-тәсілдердің бірі. Яғни тарихи деректер мен көркем әдебиеттегі мәліметтерді, сондай-ақ әртүрлі зерттеушілердің көзқарастарын салыстыру арқылы білім алушылардың тарихи шындықты терең түсінуіне бағытталады.

Салыстырмалы талдау барысында білім алушылар ресми тарихи деректерге, статистикалық зерттеулер мен көркем әдебиеттегі мәліметтерге сүйене отырып, ашаршылықтың себептері мен салдарын салыстыра отырып талдайды. Мұндай салыстыру тарихи факт пен көркем әдебиеттің өзара байланысын ашып, білім алушылардың тарихи оқиғаларды сыни тұрғыдан бағалау дағдыларын қалыптастырады. Қазақстандағы ашаршылық туралы оқыту тек деректермен, статистикамен шектелмеуі керек. Өйткені тарих тек сандардан тұрмайды, тарихта адам тағдыры да маңызды. Бұл тұрғыда көркем әдебиет тарихи оқиғаларды тереңірек түсінуге мүмкіндік беріп, оқушылардың эмоционалдық қабылдауын дамытады. Төменде ашаршылық жайлы тақырыптарды оқытқанда тарих пен әдебиет пәндерінің байланысын М. Әбдәкімұлының «Зобалаң» шығармасындағы статистикалық мәліметтер арқылы түсіндіріп кетеміз: «Қазақ мiллетiнде қарғыс атқыр Голощекиннiң қолдан ұйымдастырылған ашаршылығы 1931-32 жылдары қатты белең алды десек те, ол зұлматтың басы 1930 жылдың жазынан басталып, зардабы 1935 жылдың аяғына дейiн созылған. Мысалы, жылдың соңына дейiн-ақ, Қазақстанда 313 мың адам аштықтан көз жұмды. Соның 35 мыңға жуығы Сырдария округiне (кейiнгi Оңтүстiк Қазақстан облысы)

кірген аудандарға тиесілі болды. Кейбір деректерде Қазақстанда 1931 жылы 855 мың адам, ал 1932 жылы 869 мың адам ашаршылық құрбанына айналған деп көрсетіледі. 1933 жылы 300 мың қазақ тағы шейіт кеткен. Осы жылдары 1 миллионға жуық қазақ шетелге асқан. Сонда есептеңізші, айналасы үш-төрт жылдың ішінде қанша қандасымыз опат кетті немесе жат жерге ауды? 2 миллион 332 мыңның шамасындағы адам аштан өлген. Оған жер ауған 1 миллионды қоссақ, зұлмат жылдары қазақ даласы 3,5 миллионға жуығынан айырылған» [7, 370].

Міне, осындай мәліметтерді білу арқылы білім алушылар ашаршылық жылдарындағы демографиялық көрсеткіштерді көркем мәтіндегі адам тағдырымен салыстыра отырып, тарихи деректердің артында нақты адамдардың өмірі тұрғандығын түсінеді. Бұл әдіс арқылы білім алушылар саяси, экономикалық және әлеуметтік себептерді ашаршылықтың демографиялық, әлеуметтік және рухани салдарымен байланыстыра талдайды.

Ашаршылық тақырыбын оқытуда қолданылатын келесі тиімді әдістердің бірі – пәнаралық байланыс әдісі. Ол ашаршылыққа байланысты тақырыптарды оқытуда білім алушылардың тарихи білімін кешенді түрде қалыптастыруға бағытталған тиімді әдістердің бірі. Аталмыш әдіс тарих пәнін әдебиет және география, азаматтық білім яғни құқық пәндерімен байланыстыра отырып, тарихи оқиғаны жан-жақты, тұтас құбылыс ретінде қабылдап қарауға мүмкіндік береді. Мәселен тарих пен әдебиеттің мазмұнын біріктіре оқыту үшін М. Әбдәкімұлының «Зобалаң» атты деректі романынан мынандай мәліметтер келтіреміз: «1917-18 жылдарда Алматы мен Ташкент аралығындағы облыстардың аумағын, солтүстік тарапы – Арал, Балқаш, Сарысуға дейінгі алаптарды қамтыған ұлы жұт – «Жылантақырда» 500 мыңдай қазақ аштықпен қатар, ауыл-ауылдарды жайпаған оба індетінен бақиға аттанды. Осы жұт пен қуаңшылық кесірінен күйіп кеткен даладан тістем шөп таппаған һәм оларға да көлденең тиген топалаң-кеселдің зардабынан 3 миллионға жуық мал қырылған. Базбір зерттеушілер мен тарихшылар қуаңшылық пен жұт – бүкіл Қазақстанды 1921-22 жылдары жайлаған деген пікірден әлі күнге таймай келеді. Олардың көпшілігі сол шақтарда Орталық Қазақстанда болған оқиғаларды күллі Қазақстан шегіне теліп жіберетін әдеттерінен де айнымай жүр. 1921-22 жылдары қуаңшылық пен жұт қазіргі Ақмола, Қарағанды, Жезқазған, Семей өңірлерін және Ақтөбенің шығыс аудандарын қамтыған. Мәселен, сол уақытта Шығыс, Батыс, Оңтүстік Қазақстанда, Қазақ АКСР-ның астанасы болып тұрған Орынбор аймағында аталмыш зұлмат болмаған» [7, 372-373]. Ашаршылық тақырыптарын оқытуда көркем әдебиеттегі осындай мәліметтерді пайдалану тарихи деректерді адам тағдыры арқылы түсіндіруге жол ашады. Әдеби шығармаларда ашаршылықтың әлеуметтік және рухани салдары, тарихи оқиға жайлы толыққанды бейне қалыптастыруға, атап айтқанда ашаршылық орын алған аймақтар, ондағы адам шығыны жайлы мәлімет береді.

Проблемалық оқыту әдісі - ашаршылыққа тиісті тақырыптарды меңгергенде білім алушылардың өз бетінше ойлай алуын, тарихи мәселелерді талқылап, шешім іздеуіне бағытталған тиімді педагогикалық тәсіл. Бұл әдістің басты ерекшелігі мұғалімнің дайын ақпаратты баяндауынан гөрі, білім алушыларға проблемалық сұрақтар қою арқылы олардың танымдық белсенділіктерін арттыруды көздейді.

Проблемалық оқыту барысында білім алушылар тарихи деректер мен оқиғаларды талдап, себеп-салдарлық байланыстарын анықтап, әртүрлі көзқарастарды салыстырады, өз ойы мен тұжырым жасауға үйренеді. Мұндай жұмыс түрі білім алушылардың сыни ойлау қабілетін дамытады, тарихи оқиғаларды тереңірек түсінуіне мүмкіндік береді. Мәселен мынандай проблемалық сұрақтар қоюға болады:

Ашаршылықтың басты себептері қандай? Мұндай сұрақ білім алушылардың саяси, экономикалық және әлеуметтік факторларды кешенді түрде талдауға жетелейді.

Бұл ауыр трагедияны болдырмауға болар ма еді? Білім алушылар тарихи жағдайды бағалап, баламалы шешімдер мен мәліметтер туралы ойланады.

Ашаршылықтың бүгінгі қазақ қоғамына әсері бар ма? Бұл сұрақ оларда тарихи сабақтастықты түсінуге, өткен мен бүгіннің байланысын анықтауға мүмкіндік береді.

Проблемалық оқыту әдісін қолдану арқылы біз білім алушыларда тарихи мәселелерге бейжай қарамауды, өз көзқарасын қалыптастыруды, дәлелді пікірлер айта білуді және тарихи оқиғалардан қорытынды жасауды дамытамыз. Аталмыш әдіс білім алушылардың тұлғалық дамуы мен азаматтық санасының қалыптасуына оң ықпал етеді.

Жоғарыда аталып кеткен мәліметтерді білу арқылы білім алушылар ашаршылық жылдарындағы демографиялық көрсеткіштерді көркем мәтіндегі адам тағдырымен салыстыра отырып, тарихи деректердің артында нақты адамдардың өмірі тұрғанын түсінеді. Бұл әдіс арқылы білім алушылар саяси, экономикалық және әлеуметтік себептерді ашаршылықтың демографиялық, әлеуметтік және рухани салдарымен байланыстыра талдайды.

Қорытынды

Қорытындылай келе, тарих сабағында ашаршылыққа тиесілі тақырыптарды оқытқанда көркем әдебиетті пайдалану тарих пәнінің тәрбиелік маңызын арттырады. Көркем шығарма арқылы берілген белгілі бір тарихи оқиғалар білім алушылардың жүрегіне жол тауып, оларды адамгершілікке, ұлттық сананы құрметтеуге және өткен тарихымызға әділдікпен қарауға тәрбиелейді. Көркем әдебиет тарихи оқиғалардың адамзат тағдырына, ұлттардың рухани сілкіністеріне, қоғамдық өзгерістерге тигізген әсерін дәл, танымды түрде суреттейді. Бұл әдіс тек тарихи білімді тереңдетіп қана қоймай, білім алушылар бойында эмпатия мен азаматтық сананы оятады, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге баулиды.

Тарих сабағында ашаршылық жөніндегі тақырыптарды оқытуда көркем әдебиетті пайдалану білім алушылардың тарихи білімін тереңдетіп, өткен оқиғаларды жан-жақты түсінуге мүмкіндік беретін тиімді құрал болып саналады. Атап айтқанда, салыстырмалы талдауды, пәнаралық әдісті, проблемалық оқытуды және тарихи деректермен жұмыс істеу әдістерін кешенді қолдану ерекше тиімді нәтиже береді. Салыстырмалы талдау арқылы оқушылар тарихи құжаттардағы нақты деректерді көркем әдебиетте сипатталған оқиғалармен салыстырады. Мәселен, ашаршылықтың себеп-салдары туралы ресми статистикалық деректер мен мұрағат материалдары жеке-жеке берілсе, көркем әдебиеттегі кейіпкерлер тағдыры осы тарихи шындықтың адам өміріндегі көрінісін ашады. Бұл тарихи дерек пен көркем образдың байланысын айшықтайды, білім алушылар сюжетті тереңірек түсінеді.

Пәнаралық әдіс тұтас білім беруді қамтамасыз ете отырып, тарих пен әдебиет мазмұнын біріктіреді. Мысалы, тарих сабағында 1928-1933 жылдардағы ұжымдастыру саясаты мен оның салдары қарастырылса, әдебиет сабағында Момбек Әбдәкімұлының «Зобалаңында» сипатталған оқиғалар талданады. Бұл тәсіл білім алушыларға тарихи кезеңді саяси және экономикалық құбылыс ретінде ғана емес, адам тағдыры, ұлттық трагедия ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Проблемалық оқытуды пайдалана отырып, мұғалім оқушыларды ой елегінен өткізуге және өз қорытындыларын тұжырымдауға бағыттайды. Мысалы, «Ашаршылық табиғи апат болды ма, әлде саяси шешімдердің салдары ма?» деген сұрақты талқылауға ықпал ету білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамытады. Тарихи деректер мен көркем мәтінге сүйене отырып, дәлелді жауап бере алады. Тарихи деректермен жұмыс әдісі оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытады. Мұрағат құжаттары, статистикалық деректер, куәгерлердің сөздері сарапталып, олардың шынайылығы мен маңыздылығы бағаланады. Бұл әдіс білім алушыларды тарихи оқиғаларды объективті бағалауға үйретеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Михайлов В. Ұлы жұттың жазбалары: историческая литература. пер. Тоғанай. Т.А. Алматы. «Дәуір» баспасы, 1992. 240 б. 56 бб.

2. Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты: оқу құралы. Алматы. Қазақ университеті, 1992. 272 б. 56-98 бб.
3. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? Алматы. Ана тілі, 1993. 208 б. 19-116 бб.
4. Пианчола Н. Сталинская «иерархия потребления» и великий голод [Электронный ресурс]. Н. Пианчола. Режим доступа: <https://www.academia.edu/37560126/>
5. Камерон С. Голодная степь. Голод, насилие и создание Советского Казахстана / С. Камерон. Москва. Новое литературное обозрение. 2020. 490 стр. С. 98-112
6. Киндлер Р.. Сталиндік көшпенділер. Қазақстан билігі және ашаршылық / Роберт Киндлер. [ауд. Ө.Ахмет]. Астана. Фолиант, 2024. 432 б. 262-263 бб.
7. Әбдікімұлы М. Зобалаң. Деректі роман. Алматы. «Қазығұрт» баспасы, 2018. 392 б. 377 бб.

Reference liste:

1. Mikhailov V. Ulı zhuttiñ zhazbaları: Istoricheskaya literatura. (The Great Khutty's Notes: Historical Literature) per. Toganay. T.A. Almatı. «Dauir» baspası 1992. 240 b.56 bb.
2. Koygeldiev M., Omarbekov T. Tarih tagılımi ne deydi? (What does the history of history say?) Almaty. Mother Tongue, 1993. 208 p. pp. 19-116. Almatı. Ana tili, 1993. 208 b. 19-116 bb.
3. Pianchola N. Stalinskaya «iyerarkhiya potrebleniya» i velikiy golod (Stalin's «Consumption Hierarchy» and the Great Famine). N. Pianchola. Access mode:<https://www.academia.edu/37560126/>
4. Kameron S. Golodnaya step'. Golod, nasiliye i sozdaniye Sovetskogo Kazakhstana (The Hungry Steppe. Hunger, Violence and the Creation of Soviet Kazakhsta)S. Kameron. Moskva. Novoye literaturnoye obozreniye. 2020. 490 str. S. 98-112
5. Kindler R.. Stalindik koschpendiler. Kazakstan biligi zhane ascharchılıq (Stalin's nomads. The power of Kazakhstan and famine) Robert Kindler. [aud. O.Ahmet]. Astana. Foliant, 2024. 432 b. 262-263 bb.
6. Abdakimulı M. Zobalan. Derekti roman. (Zobalan / Documentary novel). Almatı. «Kazıgurt» baspası, 2018. 392 b. 377 bb.

Жауапты автор туралы мәлімет (толық аты-жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы): **Алдабергенова Молдир Кенесбековна** – Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық Университеті, доктор PhD, «Дүниежүзі тарихы және дінтану» кафедрасының доцент м.а. Шымкент қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: mol-nur_an@mail.ru